

Рабочая программа



Форма  
Ф СО ПГУ 7.18.2/06

Қазақстан Республикасының ғылым және білім министрлігі  
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті  
Психология және педагогика кафедрасы

## **ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Жалпы психология»** пәні бойынша

**050103 «Педагогика және психология»**  
мамандығының студенттеріне арналған

Павлодар

Лист утверждения к рабочей  
программе дисциплины,  
разработанной на основании  
государственного  
общеобязательного стандарта  
образования специальности и  
типовой учебной программы



Форма  
ФСО ПГУ 7.18.1/06

**БЕКІТЕМІН**  
**ОЖ жөніндегі проректоры**  
\_\_\_\_\_ Пфейфер Н.Э.  
«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

Құрастырушы: аға оқытушы Жунусова А.Р.

Психология және педагогика кафедрасы

### **Жұмыс бағдарламасы**

**«Жалпы психология»** пәні бойынша  
**050103 «Педагогика және психология»** мамандығының студенттеріне арналған

Жұмыс бағдарламасы 050103–“Педагогика және психология” мамандықтың Мемлекеттік стандарты және типтік оқу жоспары негізінде әзірленді. Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің Республикалық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім жөніндегі Кеңес жиналысының 22.06.06 жылғы Хаттама шешімімен бекітілді.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Е.И.Бурдина

Филология, журналистика және өнер факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданды “\_\_\_” \_\_\_\_\_ 200 ж. Хаттама № \_\_\_\_\_

ОӘК Төрайымы \_\_\_\_\_ Е.Н.Жуманкулова

### **КЕЛІСІЛДІ**

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Ж.Т. Сарбалаев “\_\_\_” \_\_\_\_\_ 200 ж.

### **ОӘБ МАҚҰЛДАНДЫ**

ОӘБ бастығы \_\_\_\_\_ А.А. Варакута “\_\_\_” \_\_\_\_\_ 200 ж.

## **1 Пәннің міндеттері мен мақсаттары:**

### **1.1 Кіріспе**

Жалпы психология курсы бағдарламасы педагогикалық университеттерде бұрыннан оқытылып келеді, дегенмен де егеменді еліміздің оқу ағарту саласының барлығына бірдей жаңа талап, жаңа бағдарлама жасау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау талабына сәйкес кредиттік технологияға жаппай кешірілуін қадағалауда. Қазіргі жаңару кезеңінде әрбір адамның жеке басын қалыптастыруда, психологиясын жанаша өзгертуде айрықша көңіл бөлініп отыр. Өсіп келе жатқан болашақ ұрпаққа жеке адам ретінде саналы тәрбие мен жетік білім қалыптастыруда жалпы психология пәнінің тиімділігін, тәжірибе жүзінде жемісті нәтижелерін берген. Тұрақты тақырыптары мен бөлімдері, осы және психология пәнінің басқару салаларын оқып үйренуге жол ашатын пән. студенттер мен қоғамдағы адамдардың даралық ерекшеліктері мен олардың қоршаған ортадағы өмірінің, коллективтегі психологиялық мәселелерін дұрыс шешу ғылымның осы саласының еншісінде.

Қазіргі жана кезеңде әрбір адамның жеке басын қалыптастыруда психологиясын жанаша өзгертуде айрықша көңіл аударылып отыр. Соған байланысты жоғарғы оқу орындарының оқу системасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттау талабына сәйкес, кредиттік технологияға жаппай кешуін қадағалауда.

Психология пәні осы мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда психологияның барлық салаларына лайықты оқу пәндерін адамның әлеуметтік қажеттілігімен жеке басын қалыптастыруда жаңа бағдарлама бойынша жұмыс жүргізуді негізге алып, алыс-жақын шет ел психологтарының тәжірибелерін оқытудың психологиялық мәселелерін кредиттік технология бойынша жүргізуді студенттерге меңгерту, оқып үйрету. Осы бағытта мемлекетіміздің одан әрі дамуын қамтамасыз ететін азаматтарды тәрбиелеп, оқытып шығаруға мүдделі.

**1.2 «Жалпы психология» курсының мақсаты**—ойлаудың диалектикалық логикасын қалыптастыра отырып, психикалық дамудың жалпы заңдылықтарын білу мен қатар, ғылыми психологиялық ойлау жүйесін дамытудың жолдарын меңгерту.

### **1.3 «Жалпы психология» оқытудың міндеттері:**

- ғылыми психологиялық білімдер негізін қалыптастыру;
- жалпы психологиялық категориялар мен ұғымдар жүйесін оқытып үйрету;

- адамды іс-әрекет, таным, қарым-қатынас субъектісі ретінде зерттеу үшін психологиялық білімдерді ғылыми негізде қолдана білуге дағдылар қалыптастыру.

**2 Пререквизиттер:** философия, социология, политология, педагогика, психологиялық мамандыққа кіріспе, педагогикалық мамандыққа кіріспе, психодиагностика негіздері.



3. Пәннің мазмұны

**3.1 Пәннің тақырыптық жоспары (к/о бөлімі, с/о бөлімі)**

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны						
		к/о бөлімі ОСО			с/о бөлімі ОСО			
		Дәр	Тәж	СӨЖ	Дәр	Тәж	СӨЖ	
1	2	3	4	5	6	7	8	
<b>1 семестр</b>								
1	Кіріспе. Психология пәні	1	3	7	1	1	9	
2	Қазіргі психология ғылымы және оның құрылысы мен зерттеу әдістері	2	3	7	1	1	9	
3	Психиканың дамуы және бейнелеу теориясы тұрғысынан түсіндіру	2	-	7	2	-	9	
	Жануарлар мен адам психикасының ерекшеліктері	-	3	7	-	1	9	
4	Ис-әрекет	2	3	8	2	2	9	
5	Қарым-қатынас	2	-	8	2	-	9	
6	Ұжым-топтар	3	-	8	2	-	9	
7	Жеке адам	3	3	8	2	1	9	
	<b>Барлығы:</b>	<b>90 с.</b>	<b>15</b>	<b>15</b>	<b>60</b>	<b>12</b>	<b>6</b>	<b>72</b>
<b>2 семестр</b>								
8	Темперамент	3	3	8	0,5	2	11	
9	Мінез	2	3	8	0,5	1	11	
10	Қабілет	2	3	8	0,5	1	11	
	Таным процестері	2	3	8	0,5	1	11	
11	Зейін	3	3	8	1	1	11	
12	Түйсік және қабылдау	3	-	8	0,5	-	12	
13	Ес	3	-	8	0,5	-	11	
14	Ойлау мен сөйлеу	3	-	8	0,5	-	12	
15	Қиял	3	-	8	0,5	-	11	
16	Сезім-эмоция	3	-	9	0,5	-	11	
17	Ерік	3	-	9	0,5	-	11	
	<b>Барлығы:</b>	<b>135 с.</b>	<b>30</b>	<b>15</b>	<b>90</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>123</b>
	<b>Барлығы:</b>	<b>225 с.</b>	<b>45</b>	<b>30</b>	<b>150</b>	<b>18</b>	<b>12</b>	<b>195</b>

**3.2 Теориялық курстың мазмұны**

**1 семестр**

**1 тақырып. Кіріспе. Психология пәні.** Психология ғылымының анықтамасы.

Психологияның негізгі даму кезеңдері. Ерте кездегі психологияның мән-жайын қалай түсінгендігі туралы. Демокриттің материалдық тіршіліктің жемісі "жанды" оттың атомдарына теңеуі. Психикалық құбылыстардың дамуы жайындағы теориялар мен принциптер. Француз ғалымы П.Л.Лапласстың "түрткі қандай болса, одан шығатын нәтиже де сондай" деген пікірі.

**2 тақырып. Қазіргі психология ғылымы және оның құрылысы мен зерттеу әдістері.** Қазіргі заман психологиясы және оның мақсат-міндеттері мен әдістері, ғылымдар жүйесінде алатын орны. Психология және ғылыми-техникалық прогресс. Психология ғылымының құрылысы. Психология салаларын топтастыру, классификациялау принципі және қазіргі заман психологиясы ғылымының құрылысы.

**3 тақырып. Психиканың дамуы және бейнелеу теориясы тұрғысынан түсіндіру.** Сыртқы шындық пен ақиқатты бейнелеу формаларының дамуы. Психиканың пайда болуы мен материяның дамуының эволюциясының жемісі. Психикалық әрекетті талдағыштық және біріктіргіштік қызметі. Сананың дамуындағы еңбектің рөлі. Сананың қоғамдық мәні. Саналы қызметті қамтамасыз ететін ми сыңарлары қабығының дамуы. Сана және тіл.

**4 тақырып. Іс-әрекет.** Іс-әрекет туралы түсінік. Адамның іс-әректінде құрал-саймандарды колдануы. Іс-әрекет пен субъекттің белсенділігі. Адамның қажеттілігі мен іс-әрекетке ниеттілігі. Адам санасы мен іс-әрекеттің құрылысы. Әрекеттену адамның алдына қойған мақсат-мүддесін орындауға ұмтылуы. Әрекет және қимыл. Адамның өз әрекетін реттеуі және оны бақылауы. Адамның ішкі жан тебіреністері оның сыртқы практикалық іс-әрекеттерінің әсерінен пайда болып отыруы интериоризация. Адамның ішкі жан тербелістері сыртқа шығып экстериоризация: оның қимыл-қозғалыстары сөйлеуі арқылы психикалық жан күйінің заңдылықтары.

**5 тақырып. Қарым-қатынас.** Қарым-қатынас туралы түсінік. Қарым-қатынастың сан салалары. Коммуникативті қатынас. Интерактивті және перцептивті қатынастар. Қатынас жасау және хабар алмасу. Қарым-қатынас және тіл. Қатынас адамдардың өзара іс-әрекеттерін реттеп отыру туралы. Қоғамдық өмірде адамдардың әлеуметтік қарым-қатынас процесіндегі концепциясы.

**6 тақырып. Ұжым-топтар.** Топтар және оның классификациясы. Топтың түрлері: шартты уақытша топ, түпкілікті топ, үлкен топтар мен кіші топтар, ресми топтар, ресми емес топтар. Топтардың даму деңгейі. Топтардың даму деңгейінің өсуіне қарай бөлінуі: ұжымдар, әлеуметтік ассоциациялар, диффузды, корпорациялар және аралас топтар. Ұжым топтың ең жоғарғы түрі. Ұжым ішінде адамдардың іс-әрекеті арқылы өзара қатынастардың сипаты. Топтар мен ұжымдардың майда бөлшектерге бөлінуі. Өзара таңдау. Социометрия. Референттік іріктелген топ және оны зерттеп білудің әдісі. Лидерлік жетекшілік топ. Оқушылардың бірлесіп атқаратын істері ұжымдастықты өрістетіп отырушы фактор. Ұжымдастық және оқытуды топтастыра отырып, шебер ұйымдастыра білу.

**7 тақырып. Жеке адам.** Жеке адам туралы психологиялық түсінік. Даралық және жеке адам. Жеке адамның бойындағы әлеуметтік сапалары және жүйелі түрдегі құрылысы. Жеке адамның белсенділігі. Жеке адамның әрекетшілдігі мен оның өмір тіршілігінде ұстанған жолы. Жеке адамның бағыт бағдары. Мінезіндегі ниет-тілектері. Ниеттерінің түр сипаты. Қызығулары. Жеке адамның сенімі мен дүниетанымы. Жеке адамның мақсат-мүддесі және оны қалыптастыру жолдары. Жеке адамның өзіндік санасы.

## 2 семестр

**8 тақырып. Темперамент.** Темперамент туралы жалпы ұғым. Жеке адамның дамуындағы темпераменттің тұрақтылығы мен орнықтылығы. Темпераменттер туралы ілім терминологиясының тарихи мәні. Темпераменттерге тән психикалық қасиеттердің ауқымы. Жеке темперамент типтер және олардың психологиялық сипаттамасы. Темпераменттің физиологиялық негіздері. Жоғарғы нерв қызметінің типтері және темперамент.

**9 тақырып. Мінез.** Мінез туралы жалпы түсінік. Мінез және адамның даралық өзгешелігі. Мінез бітістері. Мінездің құрылысы. Мінез қасиеттерінің жиынтығы арқылы адамның жеке басының сипатталуы. Адамның жеке мінез-құлық ерекшеліктерінің әлеуметтік орта мен өмір сүрген жағдайына байланысты өзгеруі. Мінез сапаларындағы айрықша ерекшеліктер. Мінез бітімі мен оның көрінісі.

**10 тақырып. Қабілет.** Қабілет туралы жалпы ұғым. Қабілет және іс-әрекет. Қабілеттің көлем және сапа жағынан сипаттамасы. Қабілеттің құрылысы. Қабілеттілікті анықтау, өлшеу мәселелері. Қабілеттің дамуында кездесетін бір ортаның қызметін екінші ортаның өзіне алуы компенсациялау. Қабілеттіліктің жалпы түрі мен жеке түрлері. Творчестволық қабілет. Талант және оның пайда болуы. Талантты дамытып қалыптастыруда еңбектің рөлі.

**11 тақырып. Зейін.** Зейін туралы жалпы ұғым. Бірқсыз және ырықты зейін: зейіннің бұл түрлерінің пайда болу себептерінің мән-жайы. Мектептегі процесіндегі зейін. Оқу ісінде мектеп оқушыларының зейіннің тұрақтануы оны қажетті нәрселерге бағдарлап отырудың жолдары. Зейіннің физиологиялық негіздері.

**12 тақырып. Түйсік және қабылдау.** Түйсік пен қабылдау туралы түсінік. Түйсіктердің рефлекторлық табиғаты. Рецепторлар мен талдағыштар. Түйсіктің түрлері. Түйсіктің қасиеттері. Сезгіштік табалдырығы. Адаптация. Синестезия. Сенсублизация. Қабылдаудың зат түрінде болуы, тұтастығы, құрылысы, тұрақтылығы және мәнді түрде реттелуі. Апперцепция.

**13 тақырып. Ес.** Ес туралы жалпы түсінік. Ес туралы теориялар. Аристотель, А.А.Смирнов, В.П.Запорожец. Естің физиологиялық негіздері. Естегі елестер. Естің түрлері: қысқа, ұзақ, оперативті, механикалық, логикалық, ерікті, еріксіз, мнемониялық. Естің типтері: көру, есту, қимыл, аралас. Ес процестері. Есте қалдыру және іс-әрекет. Қысқа мерзімді есте қалдыру мен түпкілікті есте қалдыру. Есте қалдырудың мақсаттары. Мағынасына қарай есте қалдыру мен жаттау арқылы есте қалдыру. Қайта жаңғырту түрлері: іргелестік, ұқсастық, карама-карсылық заңдылықтары.

**14 тақырып. Ойлау мен сөйлеу.** Ойлау әрекеті туралы түсінік. Ойлау және жеке адам. Ойлаудың физиологиялық негізі. Ойлау әрекеттері. Ойлаудың түрлері және олардың өзіне тән даралық ерекшеліктері. Ойлау таным процестерінің жоғарғы сатысы. Сөзбен ойдың бірлестігі. Сөйлеу туралы жалпы ұғым.

**15 тақырып. Қиял.** Қиял туралы түсінік. Қиялдың тарихи даму жолдары: қиял және ауыз әдебиеті. Қиял және ғылыми прогресс. Қиялдың еріксіз және ерікті түрлеріне сипаттама. Арман және практикалық іс-әрекет. Қиялдың талдау мен біріктіруші сипаты.

**16 тақырып. Сезім-эмоция.** Сезім туралы түсінік. Сезімнің когнитивтік процестерде, жеке бас көріністерінде атқаратын рөлі. Сезім мен эмоцияның психофизиологиялық негіздері. П.В.Симонов, П.М.Якобсон эмоцияның психологиялық теориялары. Ч.Дарвин, У.Джеймс, КЛанге, С.Шехтер. Сезім және жеке адам. Аффектер. Көңіл күйі. Эмоциялық стресс. Жоғарғы сезімдердің мазмұны мен мәні. Ақыл-ой және эстетикалық сезімдер, сезімнің бұл түрлерін мектеп оқушыларының бойына қалыптастыру. Сүйіспеншілік сезімі.

**17 тақырып. Ерік.** Ерік туралы түсінік. Еріктің когнитивті процестермен байланысы. Мотивтердің ішкі күресі, ерік әрекетінің басталуы, тоқтамға келуі. Ерікті әрекет сатылары. Ерікті әрекет және оның құрылысы. Ерік сапаларын қалыптастырып отырудың жолдары. Ерікті әрекеттерді қалыптастыруда ұжымның рөлі. Бақылауды шектеу. Жауапкершілік. Ерік және адамның өз еркін тәрбиелеудің міндеттері.

### **3.3 Практикалық сабақтарының мазмұны**

#### **1 семестр**

**1 тақырып. Жалпы психология пәні, салалары.** Механикалық детерминизм. Психиканы бейнелеу теориясы тұрғысынан түсіндіру. Психологиялық заңдылықтардың объективті сипаты. Ми және психика. Психика эволюциялық дамудың жемісі және нәтижесі. Психика және сана. Сана және санадан тыс процестер. Сананың ең жоғарғы даму сатысы.

**2 тақырып. Жалпы психологияның зерттеу әдістері.** Психологияның зерттеу әдістері. Зерттеу әдістерінің түрлерін сипаттау. Бақылау, өзін-өзі бақылау, эксперименттік әдіс түрлері. Қосымша әдістер: әңгімелесу, анкета арқылы зерттеу, психологиялық тестер, социометриялық, биографиялық зерттеу түрлері.

**3 тақырып. Жануарлар мен адам психикасының ерекшеліктері.** Психиканың филогенезде дамуы. Жәндіктер дүниесіндегі дамудың әр түрлі сатыларында мінез-құлықтың түрлері: тропизмдер, инстинкт, үйрену, интеллектуалдық әрекеттер. Психиканың қызметі және органдардың құрылысы. Психикалық функция және орта. Қатынас және жәндіктердің "тілі". Психика және нерв жүйесінің эволюциясы. Жануарлар мен адам арасындағы психиканың өзгешеліктері.

**4 тақырып. Іс-әрекет психологиясы.** Дағдыны қалыптастыру және жаттаудың негізгі заңдылықтары: дағдының құрылысы. Дағдының бір-біріне әсері. Ептіліктің пайда болуы. Әдет және оның адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетіндегі маңызы. Адамның негізгі іс-әрекет түрлері. Ойын және оның психологиялық сипаты. Ойынның баланың дамып жетілуіндегі рөлі. Оқу әрекеті және оның психологиялық сипаты. Еңбек әрекетінің психологиялық сипаты. Ұстаздық сипат.

**5 тақырып. Жеке адам және оның бағыты.** Жеке адамды психологиялық тұрғыдан қорғау. Жеке адамды қалыптастыру. Жеке адамды қалыптастырудағы психология мен педагогикадағы түсініктер. Жеке адамды дамытудың қорғаушы күші. Оқушының жеке басын зерттеу әдістері. Жеке адамды зерттеуде эксперименттік тәсілдің мәні. Л.Ф.Лазурский, Г.Олпорт, Р.Кеттел зерттеулерінің құнды жақтары. А.Н.Леонтьевтің жеке адам жөніндегі негізгі пікірлері.

## 2 семестр

**6 тақырып. Темперамент.** Темпераменттердің өзгерілу проблемалары. Темперамент қасиеттерінің пайда болуына тұқым қуалаушылық арқылы берілетін факторлардың әсері. Мектеп оқушыларының темперамент өзгешеліктері мен санаса отырып оқу-тәрбие жұмысы жүргізу. Темперамент туралы Гиппократ пен Галеннің пікірлері. Э.Кречмер, У.Шолден көзқарастары.

**7 тақырып. Мінез.** Мінез және темперамент. Адам мінезіндегі туа пайда болатын өзгешеліктер мен жүре пайда болатын қасиеттер. Мінездің қалыптасуы. Мінез психологиясын зерттеуде Н.Д.Левитов, А.Г.Ковалев, В.Н.Мясищев, К.К.Платонов т.б. қосқан үлестері. Мінездің сапалық қасиеттері.

**8 тақырып. Зейін.** Адам санасының белгілі бір объектіге шоғырлануын қамтамасыз етіп отыратындығын ми қызметінің механизмдері жайындағы И.П.Павлов пен А.А.Ухтомскийдің зерттеулері. Зейіннің құрылысы мен қасиеттері. Зейіннің тұрақтылығы. Зейіннің ауысуы. Зейіннің бөлінуі. Зейіннің көлемі. Зейінділікке тәрбиелеу.

**9 тақырып. Қабілет.** Қабілеттің іштей туа берілетін және жүре пайда болатын қасиеттері. Қабілеттілікті қалыптастыру. Қабілеттердің қалыптасуында ықыласыңның, еңбектің алатын орны. Қабілет жөніндегі теориялар. В.А.Крутецкий, В.Н.Мясищев, Г.А.Ковалев т.б. қабілетті анықтау, бағалау мәселелері.

**10 тақырып. Таным процестері.** Таным субъектісін анықтау. Сонымен қатар танымдық процестер психологиясын анықтау. Танымдық процестер туралы жалпы түсінік. Танымдық процестердің атап кететін ерекшеліктері. Психикалық үрдістер. Тұлғалық қасиеттер.

### 3.4 Күндізгі оқу бөлімінің СӨЖ мазмұны (СО)

№	СӨЖ түрі	Есеп беру формасы	Тексеру түрі	Сағат саны к/б СО	Сағат саны с/б СО
1	Дәріс сабақтарға дайындалу.	конспект	Сабаққа қатысу	45	18
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу, үй тапсырмаларын орындау	Жұмыс дәптері, конспект	Сабаққа қатысу	30	12
3	СӨЖ сабақтарға дайындалу	конспект	Сабаққа қатысу	38	20
4	Тақырып бойынша шетел және отандық әдібиеттерді талдау	Сызбаларды құрастыру	Қорғау	4	4
5	Курстық жұмысын орындау	Курстық жұмыс	ҚЖ қорғау	15	20
6	Аудиториялық сабақтардың мазмұнына кірмеген материалды зерделеу	конспект	Есеп беру	13	111
7	Бақылау іс-шараларына дайындалу		РК1, тестілеу	-	10
8	Бақылау іс-шараларына дайындалу		РК1, РК2, тестілеу	10	-
<b>Барлығы:</b>				<b>150</b>	<b>195</b>

### 3.5 Курстық жұмыс тақырыптары



1. Психология ғылым ретінде. Психология пәнінің қалыптасуы
2. Адамды еңбектің танымның және қатынастың субъектісі ретінде психологиялық талдау
3. Адам психикасының пайда болуы мен дамуы
4. Психиканың қоғамдық тарихи табиғаты
5. Іс-әрекет субъектісі: мотивациялар, эмоциялар, тұлға психологиясы проблемалары
6. Ес психологиясының негізгі заңдылықтары
7. Мнемикалық процестерді өлшеу әдістері: жаттау, антиципация және сақтау
8. Қазіргі психологиядағы тұлға ұғымының көп мәнділігі
9. Таным субъектісі. Танымдық процестер психологиясы
10. Психологиялық процестер және қызметтер
11. Мотивациялық және эмоциялық реакциялар, ішкі дайындалудың рөлі
12. Психология пәні және міндеттері. Батыс психологияның негізгі бағыттары.
13. Әлемдік психологиялық теориялар
14. Психологияның ғылым жүйесінде алатын орны
15. Адамның эмоциялық және ерік әрекеттері
16. Жеке адамның іс-әрекеті мен қарым-қатынасы
17. Адам мен жануарлар психикасының дамуы
18. Адам психикасының жаратылыстану ғылымының негіздері
19. Топ және ұжым психологиясы
20. Эмоция және сезім
21. Іс-әрекет психологиясы
22. Қазіргі замандағы жеке адам теориялары
23. Психика дамуының жоғары деңгейлеріндегі психикалық процестердің мәдени-әлеуметтік детерминациясы
24. Психологиялық педагогика
25. Тарихи-мәдениетті психологиясы
26. Жас ерекшелік және жалпы психологиясы
27. Генетикалық психологиясы
28. Гештальтпсихология
29. Жалпы және педагогикалық психология
30. Психикалық жоғары қызметтері
31. Психикалық қызметі
32. Психикалық құбылыстар
33. Психосоматика
34. Психикалық қарымқатынастары
35. Психолог маманы: диагност, кеңес беруші, жаттығушы
36. Педагогикалық қабілеттер
37. Психологиялық қабілеттер

38. Психолог маманның жеке тұлғасы ретінде
39. Педагог маманның жеке тұлғасы ретінде
40. Презентация және репрезентация
41. Репрезентативтік жүйелер
42. Іс-әрекет субъектісі: мотивациялар, эмоциялар, тұлға психологиясы проблемалары
43. Психиканың қоғамдық тарихи табиғаты
44. Тұлға адамның психологиялық қасиеттерінің жүйесі ретінде.
45. Педагогикалық шеберлікті меңгерудің психологиялық мәселелері.
46. Білім беру технологияларының психологиялық негіздері
47. Тұлға адамның психологиялық қасиеттерінің жүйесі ретінде.
48. Қабілет және дарындылық психологиясы
49. Елестің эмперикалық сипаттамасы.
50. Елес және қиял өткен немесе мүмкін болашақ бейне ретінде
51. Жаңа бейнені құрудың механизмдері
52. Ойлау және сөйлеудің генетикалық түбірі
53. Сөйлеу бойынша тұлғаны диагностикалау
54. Тұлға белсенділігі және оның қайнар көздері
55. Тұлға дамуындағы факторлар және детерминанттар
56. Тұлға дамуындағы қайнар көздер және қозғаушы күштер
57. Жеке даралық психологиясы
58. Индивидтік және тұлғалық қасиеттердің арақатынасы
59. Дарындылық және оның түрлері (қабілеттілік, интеллект, еңбекке қабілеттілік)
60. Арман және практикалық іс-әрекет

***Жалпы психология пәні бойынша СОӨЖ  
сабақтардың тақырыптары***

**1 семестр**

**1 тақырып. Психология пәні мен зерттеу әдістері.** Табиғи және лабораториялық эксперименттер. Психодиагностикалық тесттер. Сананы зерттеудің психосемантикалық әдістері. Жеке адамды зерттеудің психобиографиялық әдістері.

**2 тақырып. Сана және психика.** Психика тірі жандылардың объективті болмысты бейнелеу формаларының бірі екендігі жайлы жалпы түсінік. Тірі және тірі емес дүниедегі бейнелеу формалары. Психикалық бейнелеу объективті дүниенің субъективті бейнесі ретінде. Психиканың бағдарлаушы және реттеуші функциялары. Сана және бейсаналық.

**3 тақырып. Темперамент-Мінез.** Темперамент — жүйке жүйесінің тұрақты қасиеттерінен, туындайтын адамның жеке өзгешеліктерінің бірі. Ол адамдардың эмоциялық қозғыштығынан, қимыл-қозғалысынан, жалпы белсенділігінен жақсы

байқалады. Темперамент — организмнің физиологиялық өзгешеліктерімен, әсіресе, жоғары жүйке қызметінің тұрақ қасиеттерімен шарттас психикалық құбылыс.

**4 тақырып. Сезім-Эмоция.** Эмоцияларды интерпретациялау және негізгі тенденциялар, олардың сипаттамалары. В. Вундтың сезімдердің үш өлшемді концепциясы. Ч. Дарвиннің эмоцияның көрінуі туралы түсінігі. Джемс-Ланге теориясы және оның позитивтік психологиядағы эмоциялар туралы түсініктің дамуындағы ролі. Эмоцияның физиологиялық теориясы. И.П.Павлов эмоция туралы. Эмоция туралы қазіргі шет ел концепциялары.

**5 тақырып. Қабілет және нышан.** Нышан және қабілет. Қабілет - белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі т. б.) қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезі деп атайды. Қабілет және нышан. Бейімділік және қабілет.

**6 тақырып. Зейін.** Зейін анықтамасының көп жақтылығы. Басқа психикалық процестермен, құбылыстармен салыстыруда зейіннің өзіндік ерекшеліктері. Зейіннің психикалық статусы мен табиғаты жайлы пікір-талас. Зейіннің физиологиялық негіздері (бағдарлаушы реакция, доминанта, ми қабығындағы козу, екінші сигналды жүйе).

## 2 семестр

**7 тақырып. Ерік.** Ерік туралы жалпы ұғым. Ерікті қозғалыстарды орындау. Еріктің амалдың кезеңдері. Ерік сапалары. Ерік тәрбиесі.

**8 тақырып. Түйсік.** Қабылдаудың объектісі мен фоны. Кеңістікті қабылдау. Уақытты қабылдау.

**9 тақырып. Қабылдау.** Иллюзия. Қабылдау заңдылықтарының психофизиологиялық зерттеулері. Рецепторлық алап. Қабылдауда қимыл әрекеттің алатын орны.

**10 тақырып. Ес.** Естің түрлері, есте қалдырған материал мазмұнына және қайта жаңғыртуға тәуелділігі. Бейнелі ес. Эйдетикалық ес. Моторлы ес. Эмоциялық ес. Сөздік логикалық ес, оның сөзбен, ойлаумен байланысы. Естің индивидуалды психологиялық ерекшелігі.

**11 тақырып. Ойлау.** Ойлау –сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейлеленуі. Адам өзінің өмір қажетін өтеуге байланысты басқа біреулермен пікірлеседі, ой алмасады. Бұл үшін сол ұлттың, тілдің грамматикалық ережелеріне сәйкес сөз тіркестерін пайдаланады.

**12 тақырып. Сөйлеу.** Сөйлеуді психологиялық талдау. Сөйлеу процестерінің 4 түрі: айту, тыңдау, оқу, хат. Психолингвистиканың әдістері мен негізгі мәселелері, сөйлеу іс-әрекет мен сөйлеу әрекет түсінігі. Сөйлеудің түрі және функциясы. Ауызша, жазбаша, диалогты, монологті сөйлеу, ішкі сөйлеу. Сөйлеудің функциялары: коммуникативті, сигнификативті, экспрессивті, интеллектуалды.

**13 тақырып. Қиял.** Қиялдау кезінде бейнелерді іріктеп алып, біртұтас образ жасау амалдары. Қиялдың "бейнелі ой" екендігі. Қиялдың жасалу жолдары.

**14 тақырып. Жеке адам.** Жеке адам теорияларын жүйелеудегі бес параметр бойынша негіз. Олар: мінез-құлықты түсіндіру тәсілі; жеке адам туралы мағлұмат алу тәсілі, жеке адамға деген көзқарас тұрғысы; жастық диапазоны; жеке

адамды суреттеудегі пайдаланатын ұғымдар. Осыларға байланысты психодинамикалық, социодинамикалық, интеракционистік теориялардың типтері.

**15тақырып. Жалпы психология салаларына шолу.** Психологияның салалары және психологиялық практика міндеттері. Фундаменталды психологиялық ғылымдар. Қолданбалы психология ғылымдары.

### ***Жалпы психология пәні бойынша СӨЖ сабақтардың тақырыптары***

#### **1 семестр**

**1тақырып. Психологияны оқыту әдістемесіндегі негізгі концепция.** Оқу пәні мазмұнын таңдаудың негізгі принциптері. Меңгеруді ұйымдастырудың психологиялық ерекшеліктері. Жалпы және абстрактілік сипатты білдіретін білімді меңгеру. Оқу пәнін конструкторлық білім немесе оның негізгі тараулары. Психологиялық білім объектісінің мазмұны және құрылымы. Білімді үлгі тұрғысынан қайта шығару. Жекеленген білімдердің жүйесінде зерттелетін объектінің алғашқы, барлығына жалпы қатынасты нақтылау.

**2тақырып. Жоғарғы оқу орындарындағы лекцияны талдау әдістемесі.** Лекцияға оқу мазмұнын таңдау. Уақытты бағдарламаның басқа тақырыптарын оқытуда ескеретін лекция-әңгімені жоспарлау. Психологияны оқуда тақырыптарға әдістемелік бағыт. Аудиовизуальдық және көрнекі құралдарды қолдану. Материалдың түсініктілігі принципін психологиялық ерекшеліктері. Материалды түсіндірудің түсініктілігі. Түсіндіру стилі. Сабақтағы оқушының іс-әрекетін белсендіру.

**3тақырып. Мектеп психологының кәсіби әрекетінің ерекшеліктері.** Оқушылармен психокоррекциялық және қолданбалы жұмыс. Оқушыларды, олардың ата-аналары мен мұғалімдеріне кеңес беру және ағарту. Кеңес берудің негізгі бағыттары. Әлеуметтік-диспетчерлік іс-әрекет. Орта мектеп буынында оқитын оқушының психологиялық-педагогикалық мәртебесінің мазмұны. Жоғары сынып оқушысының психологиялық-педагогикалық мәртебесі. Психолог – мектеп әкімшілігі. Психолог – педагогикалық ұжым. Психолог – оқушылар. Психолог – ата-аналар. Психолог - мектеп әкімшілігі: бағыну мәселесі. Тәуелсіздік пен дербестік дәрежесі. Мектеп психологының кәсіби даярлығы мәселесі.

**4тақырып. Жеке адамның әлеуметтік қарым-қатынастарының психологиялық ерекшеліктері.** К.Левин ұсынған формуласы бойынша теориялар типтерін жіктеу. З.Фрейдтің психоаналитикалық теориясы. Бихевиоризм. Гештальт психология. А.Маслоудың өзін-өзі актуалды ету теориясы. Жеке адам дамуының кезеңдері туралы Э. Эриксонның концепциясы.

**5тақырып. Балаларды мектептегі оқуға психологиялық дайындығын эксперименталды зерттеу.** Психологиядағы қосалқы әдістер: әңгімелесу, тест, сауалнама (анкета), қызмет нәтижелерін зерттеу. Салыстырмалы-генетикалық әдіс. Психикалық процестерді қалыптастыру мен моделдеу зерттеу әдісі ретінде. Салыстырмалы-патологиялық әдіс. Психологиялық зерттеулерде математикалық әдістер мен техникалық құралдарды қолдану.

#### **2 семестр**

**6тақырып. Психологиядағы қарым-қатынас мәселелері.** Өзара қарым-

катынастың нығайып, араларында кездескен кедергілерді жеңіп отыру жолында ұстаздардың тиімді ықпалы. Қарым-катынаста адамдардың бір-бірін жете түсінуі. Қарым-катынастағы кері байласыстарды болдырмау жолдары. Әлеуметтік ортадағы қарым-қатынаста психолог маманның қызметі.

**7тақырып. Зейіннің оқу-тәрбие процесіндегі алатын орны.** Зейін теориялары және олардың физиологиялық ерекшеліктері (Н.Н.Ланге, В.В.Вундт, И.П.Павлов, А.А.Ухтомский). Зейін анықтамасының көп жақтылығы. Басқа психикалық процестермен, құбылыстармен салыстыруда зейіннің өзіндік ерекшеліктері. Зейіннің психикалық статусы мен табиғаты жайлы пікір-талас. Зейіннің физиологиялық негіздері (бағдарлаушы реакция, доминанта, ми қабығындағы козу, екінші сигналды жүйе).

**8тақырып. Естің адамдардың жас ерекшелігіне қарай өзгеру деңгейі.** Мотивациялық және эмоциялық реакциялар, ішкі дайындалудың рөлі. Мнемикалық тапсырмаға субъектінің қатынасы. Мотивация деңгейінің үйренуге, еске әсері. Іс-әрекеттің үзілісінің еске әсері. Зейгарник эффектісі. Аффективті реакциялардың еске әсері. Субъектінің материалды ұйымдастыруының мәні. Ритмикалық, конфигурациялық және семантикалық топтау. Стимулды перцептивті ұйымдастыру: Жаттау тәсілінің еске, схемалар рөліне әсері. Ұмыту және реминисценция. Уақыт аралығында естің өзгеруі.

**9тақырып. Мектеп жасына дейінгі балаларда ойлау мен сөйлеудің даму деңгейі.** Сөйлеудің түрлері және ойлаудың мәні. Іштей және сырттай сөйлеу. Диалогты және монологты сөйлеу. Ауызша және жазбаша сөйлеу. Ойлау мен сөйлеуді дамытудың жолдары.

**10тақырып. Дарынды балалардың қабілетінің психологиялық ерекшеліктері.** Дарынды балалардың шығармашылық қабілетінің дамуының жалпы шарты. Оқу іс әрекеті кіші мектептегілердің жетекші іс әрекеті ретінде. Мектептегі алғашқы теориялық ойлаудың қалыптасуы (Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов). Ақыл-ой әрекеті мен ұғымдарды сатылар қалыптастыру (П.Я.Гальперин). Бастауыш мектеп жасындағы баланың психикалық процестерінің дамуының негізгі заңдылықтары. Жеке басының дамуы. Эмоция-ерік сферасының дамуы (Г.Г.Кравцова). Бастауыш мектеп жасындағы баланың мінезінің дамуы. Рефлексияның алғашқы формалары. Құрбыларымен қарым қатынасы.



**050103- «Педагогика және психология»**  
мамандықтың оқу жұмыс жоспарынан көшірмесі

Пәннің атауы **Жалпы психология**

Оқу түрі	Бақылау түрі						Сағ. бойынша студенттердің жұм. көлемі			Семестр және курс бойынша сағаттың бөлінуі									
	емтихан	сынақ	КЖ	ҚР	РГР	Бақылау жұмысы	барлығы			Дәріс	Тәж	СӨЖ		Дәріс	Тәж	СӨЖ		ОСӨЖ	
							жалпы	ауд	СӨЖ									МБ	ВМП
ОСО базасында күндізгі	1, 2			2			225	75	150	1 семестр				2 семестр					
										15	15	15		30	15	22,5			
ОСО базасында сырттай	1, 2			2			225	30	195	1 семестр				2 семестр					
										12	6	МБ	ВМП	6	6			3	9

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

**Негізгі:**

1. Ж.Аймауытов. Психология оқу құралы. Алматы.1994ж.
2. Ә.К.;Алдамуратов Жалпы психология. Алматы. 1996ж.
3. А.С.Выготский. Психология.(аударма) Алматы. 2005ж.
4. Р.С.Немов. Психология. I-II-III-том. 2003ж.
5. Қ.Б.Жарықбаев. Психология. Алматы. 2003ж.
6. С.Бап-Баба. Жалпы психология. Алматы. 2003ж.
7. М.А.Асылханова.- Психология. Алматы. 2004ж.

**Көмекші:**

8. К.Б.Жарықбаев. Жалпы психология. Алматы.2003ж.
9. К.Б.Жарықбаев. Психология негіздері. Алматы.2005ж.
10. М.А.Асылханова. Психология таным процестері. 2004ж.
11. Ә.Қ.Алдамуратов.Қызықты психология. Алматы.1992ж.
12. Қ.Б.Жарықбаев. Жантану негіздері. Алматы. 2004ж.